

Студенттерді отбасы өміріне дайындаудың психологиялық аспектісі ретінде, біз мына ұсыныстарды ұсынар едік:

1. Отбасы туралы балаға ата-ана, кішкентай күнінен бастап дұрыс түсінік беру керек.
2. Мектепте, жоғарғы оқу орындарында отбасына қатысты түрлі тренинг-жаттығулар өткізілуі тиіс.
3. Жастарға отбасы және неке туралы көптеген ақпараттар берілуі керек.
4. Отбасында болатын түрлі конфликттер мен мәселелерді шешу жолдарын үйрету керек, сонымен қатар психологиялық кеңес беру қажет.
5. Отбасын құру, екі жастың қалауымен болуы керек.
6. Отбасын құрудағы басты мәселе, жастар бір-бірін жақсы түсіне білуі керек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Волченкова Е. В. тұлғаның отбасылық өмірге дайындығы: теориялық-әдістемелік тәсілдер/Вятск мемлекеттік гуманитарлық университетінің хабаршысы. 2010. Т. 4. С. 101-103.
2. Ерохина Л. Д. жастар ортасында саналы ата-аналық орнату / Л. Д. Ерохина, А. К. Ерохин // қазіргі ғылым мен білім беру мәселелері. 2016. № 12 (54). 147-150 с.
3. Жолудева С. В. ересектердің әр түрлі кезеңдерінде некеге психологиялық дайындық: автореф. дисс. ...ғыл.канд. психол. ғылымдар. Ростов-на-Дону. 2009. 26. с.
4. Зайцева М. А. Қазіргі ресейлік қоғамда отбасы құруға жастардың уәждемесі // қазіргі заманғы отбасының психологиялық әл-ауқаты: Халықаралық қатысумен аймақаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Изд-во: Ярославский мемлекеттік педагогикалық университеті. К. Д. Ушинский. 2016. С. 54-56.
5. Зритнева Е. И. жоғары сынып оқушыларының Неке және отбасылық өмірге дайындығын қалыптастыру: автореф. дисс. ...ғыл.канд. пед. ғылымдар. Ставрополь. 2000. 24с.
6. Муравьева Э. В., Винарчик Е. А. отбасы құрамының бозбалалардың некеге дайындығына әсері / Батыс Сібірдің академиялық журналы. 2016. Т. 12. С.52-53.
7. Несына С. В. ұлдар мен қыздардың отбасылық өміріне психологиялық дайындықтың кейбір аспектілері//ТГУ ғылым векторы 4 (7). 2011. С. 204 - 206.
8. Орлова И. Н., Донцов Д. А. қазіргі ресейлік студент жастардың Неке және отбасы құруға әлеуметтік-психологиялық дайындығы туралы// Әлеуметтік психология және қоғам. 2012. №3. С. 48-57.
9. Санжаева Р. Д. тұлғаның метакатегория ретіндегі қызметке психологиялық дайындығы // Бурятск мемлекеттік университетінің хабаршысы. Білім. Жеке басын куәландыратын. Қоғам. 2012. № 1. С. 127-140.
10. Серебрякова Т. А. Князева, Е. В. Жасөспірімдер кезеңіндегі ата-ананың мотивациясын Эксперименталды зерттеу // Әлеуметтік және ұйымдастыру психологиясы. 2016. № 1. С. 204-207.

**Колдасова Г.О.**, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, тарих факультеті, ИООП-15, студент.

*(Ғылыми жетекшісі - т.ғ.к., доцент Карсыбаева Ж.А.)*

## АЛТЫН ОРДА ТАРИХЫНДАҒЫ – БАТУ ХАН

Тарихта аты ерекше аталатын тұлғалардың тұлғасы Шыңғысхан екені бәрімізге белгілі. Оның жаугер төрт ұлының аттары да тарихта танымалдылығы жағынан әкелерінен кем түспейді. Соның ішінде Жошының орны бөлек. Ол туралы аз жазылған жоқ. Жошының өзгелерден (Төле, Шағатай, Үгедей) ерекшелігі – оның ізін жалғастырушы, Жошы негізін қалаған Алтын орданы түпкілікті алпауыт мемлекет етіп құра білген Батудай ұлының болуында.

Ортағасырлық әлем тарихында Алтын Орда мемлекеті орасан зор күш – қуатқа ие алып империя ретінде суреттелгенімен, әу баста бұл иелік тек Шыңғыс хан құрған қағанаттың метрополиясы – Жошы ұлысы болып құрылды. Яғни, Жошы ұлысы Шыңғыс хан құрған Ұлы империяға бағынышты доминион субъекті еді. Жошы ұлысының қарамағына Ертіс өзені мен Орал тауларына дейінгі жерлер, оңтүстікке қарай Каспий мен Арал теңізіне дейінгі аумақ, Әмударияның төменгі жағындағы аймақтар (солтүстік Хорезм) мен Сырдарияның сағасы кіретін. Бір сөзбен айтқанда, тұтас Дешті – Қыпшақ Жошы ханның ұлысы саналатын. Шыңғыс хан өз өсиетінде үлкен ұлы Жошы ханға Дешті – Қыпшақтан күнбатысқа қарай «моңғол атының тұяғы жеткен жерлерге дейінгі аймақтарды да» енші етіп берді. Бірақ Джузжани «өте батыл, айбарлы» деп сипаттаған Жошы хан Шыңғыс ханның өсиетін жүзеге асыра алмады. Ол

1227 жылы 30 жастан аса берген шағында, Шыңғысханнан бірнеше ай бұрын аң аулап жүрген кезінде қапияда қаза тапты.

Жарты әлемді жаулаған Шыңғыс ханның немересі, Жошының ұлы, Алтын Орданың негізін қалап, оның нығайуына үлесін қосқан хан, Бату хан. Алтын Орда о бастан Батудың Жайық пен Еділдің аралығындағы ордасы аталған. Бүгінде бұл атаудың қайдан шыққандығы жайында бірнеше деректер бар. Солардың бірі, Рашид әд – Дин Шыңғыс ханның туған жерге оралуын баяндай келе, мынадай қызықты деректерді алға тартады. Шыңғыс хан Букаса – Жику деген жерге жеткенде, сол жерге «Орду – и – Бузург зарин» яғни, үлкен Алтын Орда тігуді бұйырады.

Бұл «Алтын Орда» тіркесі кездесетін Рашид әд – Диннің ең ескі жазбалардың бірі болып келеді. Деректен Алтын Орда деп бастапқыда Шыңғыс ханның өз ордасы аталғанын көреміз. Шыңғыс хан өлген соң, осы атау Бату ханның ордасына көшкен – ді. Әрине, бірден емес 1242 жылы оған «қаған ақа» атағы берілді, бұл «үлкен Ұлы хан» деген ұғымды аңғартады [1,49 б.].

Ұлы Қағанның Батысты бағындыру өсиеті мүлде аяқсыз қалған жоқ. Шыңғыс ханның «моңғол атының тұяғы жеткен жерлерге дейінгі аймақтарды» бағындыру туралы өсиетін негізге алған Жошының мирасқоры Бату хан Ұлы Құрылтайдың шешімімен 1236 жылы Шығыс Еуропаға жорық жасады. Осы жорық хақында Платано Карпини өз жазбасында Бату ханның Еуропаны бағындыруды 18 жылға жоспарлағанын жеткізеді. Моңғол дереккөздерінде Бату хан осы қанды жорығында Қаңлы, Қыпшақ, Байжігіт, Орыс, Азау (Қырым), Сазау (Суздаль), Мажар (Венгрия), Кәшімір, Шеркес (Кавказ), Бұлғар, Келер секілді он бір елді бағындырғандығы айтылады. Бірақ Бату хан ғұндардың ұлы патшасы Атилланың ізімен жүріп, Еуропаны тұтас бағындыра алмады. Үгедей ханның 1241 жылы қайтыс болуына байланысты, Жошы ұлысының билеушісі жаулап алуды кілт тоқтатты. Дегенмен, Шығыс Еуропа жорығынан кейін Жошы ұлысының құрамына Дешті – Қыпшақ, Батыс Сібірмен қоса Дунайға дейінгі аралықтағы ұланғайыр аумақ, яғни, солтүстік Хорезм, Кавказ, Қырым, Молдавия, Еділ Бұлғарлары, Орыс князьдықтары, Мордва жерлері енді. Көп ұзамай Қаракорымнан еншісін бөліп әкететін субъектінің Еуразия кеңістігіндегі осыншама ұланғайыр аймақты иемденуі, келешекте Жошы ұлысының алып империяға айналуына баспалдақ еді [2,30 б.].

Алтын Ордадағы алғашқы ірі өзгерістердің бірі империяны құрушы көшпелі түркілердің біртіндеп отырықшылық мәдениетке бейімделуі еді. Ал, Алтын Ордадағы урбанизация үдерісі Бату ханның билік құрған тұсында басталды. Бату хан 1242 жылы Еділ өзені сағасынан Алтын Орданың кіндігі ретінде Сарай – Бату қаласын тұрғызуды қолға алды. 1254 жылы салынып біткен Сарай – Бату қаласы алғашқыда Алтын Орданың әкімшілік орталығы һәм әскери ордасы қызметін атқарды. Сарай – Бату кейін 75 мыңнан астам тұрғыны бар сәулеті жарасқан байтақ қалаға айналды. Қалада билеушілердің резиденциясымен қатар, тұрақты әскердің ордасы, алыс – жақын елдердің сауда керуендері тоқтайтын керуенсарай, қалың бұқараның қажеттілігін өтейтін әмбебап сауда – саттық орындары жұмыс істеді. Шаһар тұрғындарының денін саудагерлер мен колөнершілер құрады. Алтын Орда билеушілері «Сарай әл – Махруса» тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету үшін су құбырларын және бұрқақтар салдырды. Тазалық сақталуы үшін жерасты кәріз жүйесі мен су ағатын арықтар жүргізді. Қоғамдық моншаларды іске қосты. Жошының мирасқоры Бату хан Алтын Орда астанасын салдырып қана қойған жоқ, жаулап алу кезінде қираған көптеген қалаларды (Мысалға: Бұлғар, Хорезм, Дербент) қайта қалпына келтірді. Осының нәтижесінде империя құрамындағы аймақтық-әкімшілік орталықтарда қалалық өнеркәсіп дамыды. Біртіндеп жаулап алушы көшпенділер тек мал шаруашылығымен ғана емес, қалаларға қоныстану арқылы қала мәдениетін де игере бастады. Мысалы, Сарай Батуда колөнер кәсібі қарқынды түрде дамыды. Бату ханның тегеурінді билігінің арқасында орныққан саяси тұрақтылық Алтын Орда мемлекетінің шаруашылығы мен экономикасының күрт өсуіне екпінді ықпал етті. Жалпы, тарихта Алтын Орда билеушілері Еділ мен Жайық өзендерінің сағасына Сарай-Бату, Сарай-Берке, Хажы – Тархан, Сарайшық секілді бірнеше қалаларды тұрғызды. Сол кезеңнің шартты жағдайымен қарағанда, осындай ірі – ірі шаһарлардың салынуы өркениеттілік құбылыс болатын. Ал, Алтын Ордадағы өркениетке деген ұмтылыстың басында сөз жоқ қираған қалаларды қалпына келтірген, империяның жаңа астанасын салуды қолға алған Бату хан тұрды.

Бату әкесі құрған «Жошы ұлысы» деген атауға ие болған қырық құрау рудан құралған көшпелі дала мемлекетін қаһарлы империяға айналдыра білді. Керегесін кеңейтті. Шаңырағын тіктеді. Ол басқарған империяның шығысы Ертіс өзенінен басталып, батысы Дунай дейінгі

аралықты алып жатты. Бату әкесінен гөрі, атасы Шыңғысхандай қаһарлы еді. Халықты ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстады.

Бату хан орнатқан саяси режим экономикалық ахуалдың жақсаруына ғана емес, Алтын Ордадағы этносаралық татулықтың сақталуына һәм діни төзімділіктің нығая түсуіне тұғыр болды. Мысалы, тарихшы В.Егоровтың айтуына қарағанда, Сарай – Бату қаласында біруақытта моңғолдар, қыпшақтар, асылар, черкестер, орыстар, византиялықтар қатар тату өмір сүрген. Сондай – ақ, алғашқыда Жошы ұлысы билеушілерінің белгілі – бір діни сенімге қолдау білдірмей, бейтарап ұстанымда болуы, Алтын Орда құрамындағы діни конфессиялар арасында төзімділіктің қалыптасуына игі ықпал етті. Тегінде, Алтын Орданы құрған көшпелі халықтың діни наным – сенімі бір текті болған емес. Олар тәңіршілдік пен несториандықты, православ және ислам дінін ұстанатын. Тіпті, Кавказды мекендейтін хазарлар иуда сенімінде еді. Осылай бола – тұра: «... татарлар қай кезде де болмасын өздерінің діндерге деген төзімділігімен ерекшеленетін», – деп Ш.Монтескье айтпақшы, Бату хан билік құрған тұста Алтын Орда мемлекетінде конфессияаралық толеранттылық орнады. Алтын Орда империясы христиан дініндегі славяндық, тәңіршілдікке негізделген көшпелі түркілік, Әмудария алқабында парсылық, иудалық сипаттағы хазарлық мәдениеттерді тоғыстырған жаңа саясимәдени платформа еді. Яғни, Жошы ұлысындағы діни еркіндік Шығыс пен Батыстың өзара бейбіт түрде рухани һәм мәдени пікір алмасу үдерісіне жол ашты [3].

Көзінің тірісінде – ақ «Сайын хан» (қайырымды, әділетті) деп аталып, халықтың ерекше құрметіне бөленген Бату хан 1256 жылы науқастан қайтыс болды. Оның билігі тұсында Қытай қорғанынан шыққан сауда керуені сонау Еуропаға дейін ешбір қиындық көрмей, діттеген жеріне қауіпсіз аман – есен жете алатын. Плано Карпинидің айтуына қарағанда, Бату ханның кезінде мұсылмандар Сарай Батуда мешіт – медресе тұрғызған. Яғни, Алтын Ордада мұсылмандардың өз ғұрып-рәсімдерімен өмір сүруіне толық мүмкіндік қарастырылды. Джузжанидің дерегіне, Бату хан Алтын Орда империясын Шыңғыс ханның «Ұлы Иаса» заңымен басқарса да, жасырын түрде Ислам дінін қабылдаған көрінеді. Бату ханның мұсылман болған, болмағаны бір Аллаға аян. Дегенмен, Ислам тыныштықта өркен жаятын дін. Ал, осыған мол мүмкіндік тудырған һәм Алтын Орданы гүлдендірген «Сайын хан» сөз жоқ – ұлы билеуші![4].

Қорытындылай келсек, Батуды Шыңғыс хан құрған ұлы державаны әлемге танытушы, әке ізін жалғастырушы, тарихта өзіндік қайталанбас орыны бар, дарынды қолбасшы ретінде тани білүміз қажет. Оның 19 жыл билік құрған кезінде мемлекет аумағы біршама кеңейді, мемлекеттің өзіндік басқару жүйесі қалыптасты, мәдениет өркендеген, қала саны көбейген. Батудың тарихта Жошы ордасын кеңейтіп, моңғол билігін Еуропаға мойындатып, бас игізген ұлы қолбасшы ретінде алтын әріппен есімі жазылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Сұлтанов Т. Алтын орда. – Санкт – Петербург, 2003 Қаңтар Ғылыми көпшілік басылымы, 172 б.
2. Бегалин Қ. Алтын Орда хандары. – Алматы: «Адамдар» ЖШС, 2007. – 272б.
3. Омарбеков Т. «Бату хан билеген Жошы ұлысы», Ана тілі газеті ., 7 Шілде – 2011 ж.
4. Исахан М. Бату ханға неге «Сайын хан» лақабы берілген? // <http://islam.kz/kk/articles/islam-jane-tulga/batu-hanga-nege-saiyn-han-laqaby-berilgen-232/#gsc.tab=0>

**Құрманғали Ә.Б.**, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, тарих факультеті, АЭО-25, студент.

*(Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы, тарих магистрі Смағұлов Н.Б. )*

## **1269-1428 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ АЛТЫН ОРДАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ДАМУЫ**

Жошы хан 1180-1227 жылдар аралығында өмір сүрген тарихи тұлға. Дарынды қолбасшы, жеңімпаз стратег Жошы хан 1200-1227 жылдар аралығында Шыңғысханның жорықтарында жеке дара қол бастап ірі әскери соғыс науқандарында табысты жеңістерге жетіп жүрді. Ол 1207-1208 жылдары Сібір халықтарына қарсы жорық пен 1215 жылы Қытайға қарсы соғыс науқанында және 1219-1220 жылдардағы әйгілі Хорезм шах империясына қарсы шешуші шайқастарда өзінің ерекше қолбасшылық қабілеттілігі мен көрегендігін, әскери айла-тәсілдерін ұтымды пайдаланғандығы үшін әкесі Шыңғысханның сеніміне кіреді. Шыңғысхан көзі